

◆ МӘСЕЛЕ

Жол уақытында күрелмеген



Таунар КАЙРАТҰЛЫ

Соңғы аптада ауданымызда күн райы күрт бұзылып, қар қалың жауғаны белгілі. Десе де, тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғайлы болу үшін көше жолдарының уақытында күреліп тұруы маңызды. Өкінішке қарай, дәл осындай жұмыстар Құлынжон ауылдық округіне қарасты Көкжыра ауылында сылбыр жүріп жатыр.

Редакциямызға ауыл тұрғыны хабарласып, ауылға кіреберістегі үш шақырымдық жолдың уақытында күрелмегенін айтты.

– Міне, жолымыз уақытында күрелмей жатыр. Ауылға кіреберістегі жол бір із ғана. Оның өзі сай-сала болып қалды. Қарама-қарсы көлік кездесе қиындау. Ал ауылдың ішкі жолдары таза. Бірақ қар жауған күні таңертең ерте күресе дейміз. Техника жай келеді. Балалар сабаққа ом-

былап барған кездер болды. Үкіметтен ақша бөлінгеннен кейін жұмыстың уақтылы және сапалы орындалуы маңызды ғой, – дейді Көкжыра ауылының тұрғыны.

Осы орайда сол ауылға арнайы барып көрдік. Үш шақырымның жолы күрелмеген. Ал ауыл іші таза. Тағы бір мәселе, ауыл ішіндегі төрт көшенің қиылысындағы электр қорабының қақпағы ашық жатыр екен. Аталған мәселелерді редакциямыздың әлеуметтік желідегі па-

рақшасына жүктеп, әкімдіктен кері байланыс орнатуды сұрадық. Өкінішке қарай, ауылдық округ әкімдігі екінші мәселеге ғана жауап беріп, біріншісін жауапсыз қалдырды. Кейін ресми хат жолдадық.

– Көкжыра ауылына кіреберістегі үш шақырымдық жолды ДСУ-14 кәсіпорны күрейді. Қар күреу жұмыстары қар жауып тоқтаған кезде басталады. Қар қалың түсуіне байланысты мердігер үлгермей жатыр. Ал электр қорабына келер болсақ, оны балалар ашып тастайды. Неше қайтара барып жаптық, – дейді Құлынжон ауылдық округінің әкімі Расул Серікказинов.

Қазіргі таңда аталған мәселелер толықтай шешімін тапты.

◆ ЖОБА

Көлік немесе сыйақы беріледі

Ерасыл ЖҰМАҚАНҰЛЫ

Самар ауданында кәсіпкерлікті дамыту бойынша үздік жоба ұсынған ауылдық округ әкімдеріне көлік немесе сыйақы берілетін болды. Бұл туралы аудан әкімі Серік Жәнісұлы мәлім етті.



Аудан әкімі Серік Жәнісұлы ауылдық округ әкімдерімен кәсіпкерлікті дамыту жолдарын талқылады. Аудан басшысының сөзінше, елді мекенде жеке кәсібін ашқысы келетіндер саны көп.

– Әр ауылдық округтің әкімі ауыл шаруашылығын алға жылжыту бойынша жоба әзірлеуі тиіс. Инвестиция тарту, кәсіп иелерін қолдауға назар аударған жөн. Жауапты басқарма өкілдерімен бірігіп жұмыс істеніздер. Жылдың аяғында белгіленген критерийлер бойынша сәтті жобаларды жүзеге асырғандар ауылдық округке арнайы сыйақы мен көлік беріледі, – деді Серік Жәнісұлы.

Сонымен қатар аудан басшысы әкімдерге осы уақытқа дейін кәсіпкерлік бағытта мемлекеттен көмек алған кәсіпкерлердің шығарып жатқан өнімдеріне қолдау көрсетуді тапсырды. Сол арқылы дүкендерде өз өнімдерімізге арналған арнайы сөре қою керектігін айтты.

Шынымен де, осы уақытқа дейін кәсіп ашамыз деп мемлекеттен жеңілдетілген немесе қайтарымсыз несие алған кәсіпкерлердің жұмысының нәтижесін көрер кез келгендей. Бұл тақырыпты алдағы уақытта терең зерттейтін боламыз.

◆ ЧЕЛОВЕК ТРУДА

Как трудолюбие ведет к успеху

Канат АПСАДЫКОВА

Глава государства объявил 2025 год «Годом рабочих профессий». Этот год будет способствовать продвижению идеи трудолюбия и профессионализма в нашем обществе.

Это полностью согласуется с нашим принципом: «Ответственный гражданин – честный труд – заслуженный успех». Ценности трудолюбия и профессионализма должны всегда быть на первом месте в нашем обществе. Именно благодаря специалистам своего дела формируется новое качество нашей нации. Поэтому мы продолжим принимать последовательные меры для повышения статуса человека труда, подчеркнул глава государства.

Рабочие кадры востребованы в сферах транспорта, торговли, промышленности и сельского хозяйства. Глава государства отметил, что люди, добившиеся успеха честным, кропотливым трудом, всегда должны пользоваться уважением.

Механизатора на селе считают главным человеком. Его золотые руки приводят в порядок всю технику, которая работает на полях и фермах, а от оперативности зависит весь цикл сельскохозяйственных работ.

По словам специалистов КГУ «Карьерный центр района Самар», таких людей можно встретить среди безработных, направленных на активные меры содействия занятости.

Ярким примером является Талгат Акылбекулы Капанов, 1987 года рождения, житель села Самарское ВКО, зарегистрированный в качестве безработного и

направленный на общественные работы.

Весенний день год кормит, говорят в народе, поэтому у руководителей сельскохозяйственных предприятий настоящею болит душа за проведение весенне-полевых работ. А для этого нужны техника, хорошие семена, горюче-смазочные материалы и, конечно же, люди – ответственные и добросовестные.

Участник программы обратился в КГУ «Карьерный Центр района Самар» 4 мая 2024 года и получил направление на оплачиваемые общественные работы. Заявитель был направлен на работу в крестьянское хозяйство «Ерасыл» в качестве механизатора.

За короткий промежуток времени Талгат Акылбекулы зарекомендовал себя как трудолюбивый и дисциплинированный работник. Затем он был устроен на постоянное место работы в КХ «Ерасыл». К работе он относится с полной отдачей сил и огромной ответственностью. Закрепленную за ним технику грамотно использует и поддерживает в технически исправном состоянии. При необходимости он осуществляет ремонт техники своими силами. Талгата отличают трудолюбие, аккуратность и бережное отношение к вверенной технике. Вместе с тем, он долгое время проработал электромонтером в телекоммуникации и может наладить нарушенную связь. От-



личный семьянин, заботливый муж и отец своих детей.

– Несмотря на трудности, профессия механизатора мне нравится, люблю возиться с техникой. Главное – нужно с желанием работать. Просто надо усердно трудиться, любить и уважать свой труд. Работать на земле сложно, но это исконная часть экономики нашей страны, – отзывается Талгат Акылбекулы. – Каждый должен с любовью выполнять свою работу, тогда и будет успех, – девиз молодого механизатора.

Профессия механизатора – одна из самых трудных на селе. Про комфортность условий работы говорить не приходится. Но разве есть дело благороднее, чем растить хлеб? Несмотря на передовую тех-

ническую оснащенность аграрного сектора, который ежегодно выходит на новый уровень, нельзя забывать, что главным в производстве все же остается человек, его знания, опыт и мастерство.

В настоящее время постепенно возрождается престиж рабочих профессий. В крестьянских хозяйствах нашего района остро ощущается дефицит таких профессий, как механизаторы, комбайнеры, токари, слесари. Программы участников КГУ «Карьерный центр района Самар» вносят свою лепту в пропаганду рабочих профессий на селе. Возможно, кто-то задумается взять пример с Талгата Акылбекулы, чтобы найти применение своих знаний и сил в труде на родной земле.

Самар